



БҰЙРЫҚ

*д.д. 18.02.24*

Нұр-Сұлтан қаласы

ПРИКАЗ

№ *1022 - Н/4*

город Нур-Султан

**«Нұр-Сұлтан қаласы бойынша  
Тексеру комиссиясы» ММ  
2022-2024 жылдарға арналған  
Бюджеттік бағдарламаларын  
бекіту туралы»**

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет кодексінің 32-бабына, «Бюджеттік бағдарламаларды (кіші бағдарламаларды) әзірлеу және бекіту (қайта бекіту) қағидаларын және олардың мазмұнына қойылатын талаптарды бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2014 жылғы 30 желтоқсандағы № 195 бұйрығына және «Нұр-Сұлтан қаласының 2022-2024 жылдарға арналған бюджеті туралы» Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының 2021 жылғы 15 желтоқсандағы № 114/16-VII шешіміне сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. «Нұр-Сұлтан қаласы бойынша Тексеру комиссиясы» мемлекеттік мекемесінің 2022-2024 жылдарға арналған бюджеттік бағдарламалары осы бұйрықтың 1, 2-қосымшаларына сәйкес бекітілсін.
2. Бюджеттік бағдарламаларды 3 күнтізбелік күн ішінде Тексеру комиссиясының веб-сайтында, сондай-ақ «Электронды Үкіметтің» веб-порталында орналастыру қамтамасыз етілсін.
3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау аппарат басшысы **Ғ.С. Тапеев**ке жүктелсін.
4. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Нұр-Сұлтан қаласы бойынша  
Тексеру комиссиясының төрағасы

И. Ақпомбаев

«КЕЛІСІЛДІ»

«Нұр-Сұлтан қаласының  
Экономика және бюджеттік  
жоспарлау басқармасы» ММ басшысының м.а.

*А. Сейткүлов*  
2021 жылғы «



000934

1-қосымша  
**«БЕКІТІЛДІ»**  
 «Нұр-Сұлтан қаласы бойынша  
 Тексеру комиссиясы»  
 төрағасының  
 2021 жылғы «*dl*» желтоқсандағы  
 №*12*-н/к бұйрығымен бекітілген

**379 «Нұр-Сұлтан қаласы бойынша Тексеру комиссиясы» ММ**  
 (код және бюджеттік бағдарлама әкімшісінің атауы)  
 2022-2024 жылдарға арналған

**БЮДЖЕТТІК БАҒДАРЛАМА**

<b>Код және бюджеттік бағдарламаның атауы</b>	001 «Республикалық маңызы бар қаланың, астананың тексеру комиссиясының қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер»
<b>Бюджеттік бағдарламаның басшысы</b>	«Нұр-Сұлтан қаласы бойынша Тексеру комиссиясы» мемлекеттік мекемесінің төрағасы И.Л. Ақпомбаев
<b>Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі</b>	Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы № 95-IV Бюджет кодексі (32 бап); «Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 12 қарашадағы № 392-V Заңы (18 бап); «Бюджеттік бағдарламаларды (кіші бағдарламаларды) әзірлеу және бекіту (қайта бекіту) қағидаларын және олардың мазмұнына қойылатын талаптарды бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2014 жылғы 30 желтоқсандағы № 195 бұйрығы (4 тарау); «Нұр-Сұлтан қаласының 2022-2024 жылдарға арналған бюджеті туралы» Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының 2021 жылғы 15 желтоқсандағы № 114/16-VII шешімі.
<b>Бюджеттік бағдарламаның түрі:</b>	
<b>Мемлекеттік басқару деңгейіне байланысты</b>	Облыс, республикалық маңызы бар қала, астана
<b>Мазмұнына байланысты</b>	Мемлекеттік функцияларды, өкілеттіктерді жүзеге асыру
<b>Іске асыру әдісіне байланысты</b>	Жеке
<b>Ағымдағы/даму</b>	Ағымдағы
<b>Бюджеттік бағдарламаның мақсаты</b>	Қаржылық тәртіпті нығайту мақсатында жергілікті бюджет қаражатын пайдаланудың тиімділігін арттыру шараларын іске асыру және Тексеру комиссиясы қызметінің жариялылығы мен ашықтығын қамтамасыз ету
<b>Бюджеттік бағдарламаның соңғы нәтижелері</b>	Тексеру комиссиясына жүктелген функцияларды тиімді атқаруы үшін оның қызметін қамтамасыз ету.
<b>Бюджеттік бағдарламаның сипаттамасы (дәйектеме)</b>	Тексеру комиссиясының штат санын басқа да тауарлар мен қызметтерді сатып алумен қамтамасыз ету. Жергілікті бюджет қаражатын пайдаланудың тиімділігін бағалау бойынша аудиторлық және сараптамалық-талдау іс-шараларын жүргізу. Тексеру комиссиясының аудиторлық және сараптамалық-талдау іс-шараларының қорытындыларын мониторингілеу және іске асыру.

Бюджеттік бағдарлама бойынша шығындар, барлығы						
Бюджеттік бағдарлама бойынша шығыстар	Өлшем бірлігі	Есепті жыл	Ағымдағы жыл жоспары	Жоспарлы кезең		
		2020 ж	2021 ж	2022 ж	2023 ж	2024 ж
001 «Республикалық маңызы бар қаланың, астананың тексеру комиссиясының қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер».	мың теңге	297 111,7	366 481	361 170	248 995	248 995
015-Жергілікті бюджет қаражаты есебінен	мың теңге	297 111,7	366 481	361 170	248 995	248 995
<b>Бюджеттік бағдарлама бойынша шығыстардың барлығы</b>	<b>мың теңге</b>	<b>297 111,7</b>	<b>366 481</b>	<b>361 170</b>	<b>248 995</b>	<b>248 995</b>

Тікелей нәтиже көрсеткіштері	Өлшем бірлігі	Есепті жыл	Ағымдағы жыл жоспары	Жоспарлы кезең		
		2020 ж	2021 ж	2022 ж	2023 ж	2024 ж
Тексеру комиссиясының аппараты санын ұстау	адам	31	31	31	31	31
Тексеру комиссиясының қайта даярлықтан және біліктілігін арттырудан өткен қызметкерлері	саны	16	13	33	31	31
Аудиторлық іс-шаралар	сапы	12	18	16	16	16
Мемлекеттік аудит объектілері	саны	68	68	55	55	55
<b>Түпкілікті нәтиже көрсеткіштері</b>						
Аудит қорытындысы бойынша қабылданған мерзімі келген ұсынымдар мен тапсырмалардың жалпы санынан орындалған ұсынымдар мен тапсырмалардың үлесі	%	100%	100%	100%	100%	100%

2-қосымша  
**«БЕКІТІЛДІ»**  
 «Нұр-Сұлтан қаласы бойынша  
 Тексеру комиссиясы»  
 төрағасының  
 2021 жылғы *АБ*  
 желтоқсандағы  
 № *112*-н/қ бұйрығымен  
 бекітілген

**379 «Нұр-Сұлтан қаласы бойынша Тексеру комиссиясы» ММ**  
 (код және бюджеттік бағдарлама әкімшісінің атауы)  
 2022-2024 жылдарға арналған  
**БЮДЖЕТТІК БАҒДАРЛАМА**

<b>Код және бюджеттік бағдарламаның атауы</b>	003 «Мемлекеттік органның күрделі шығыстары»
<b>Бюджеттік бағдарламаның басшысы</b>	«Нұр-Сұлтан қаласы бойынша Тексеру комиссиясы» мемлекеттік мекемесінің төрағасы И.Л. Ақпомбаев
<b>Бюджеттік бағдарламаның нормативтік құқықтық негізі</b>	Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы № 95-IV Бюджет кодексі (32 бап); «Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 12 қарашадағы № 392-V Заңы (18 бап); «Бюджеттік бағдарламаларды (кіші бағдарламаларды) әзірлеу және бекіту (қайта бекіту) қағидаларын және олардың мазмұнына қойылатын талаптарды бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2014 жылғы 30 желтоқсандағы № 195 бұйрығы (4 тарау); «Нұр-Сұлтан қаласының 2022-2024 жылдарға арналған бюджеті туралы» Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының 2021 жылғы 15 желтоқсандағы № 114/16-VII шешімі.
<b>Бюджеттік бағдарламаның түрі:</b>	
<b>Мемлекеттік басқару деңгейіне байланысты</b>	Облыс, республикалық маңызы бар қала, астана
<b>Мазмұнына байланысты</b>	Мемлекеттік функцияларды, өкілеттіктерді жүзеге асыру
<b>Іске асыру әдісіне байланысты</b>	Жеке
<b>Ағымдағы/даму</b>	Ағымдағы
<b>Бюджеттік бағдарламаның мақсаты</b>	Мемлекеттік функцияларды жүзеге асыру үшін жағдай жасау.
<b>Бюджеттік бағдарламаның міндеті (соңғы нәтижесі)</b>	Нұр-Сұлтан қаласы бойынша Тексеру комиссиясының қызметін қамтамасыз ету және жүктелген функцияларын тиімді атқаруы үшін оның аппаратының материалдық-

	техникалық қамсыздандырылуын жаңарту.
<b>Бюджеттік бағдарламаның сипаттамасы (дәйектеме)</b>	Шығыстар Нұр-Сұлтан қаласы бойынша Тексеру комиссиясының аппаратының материалдық-техникалық қамсыздандырылуына жұмсалады: мемлекеттік функцияларды қамтамасыз ету үшін машиналар, жабдықтар, құралдар, шаруашылық құрал-саймандары, материалдық емес активтер сатып алу.

Бюджеттік бағдарлама бойынша шығындар, барлығы						
Бюджеттік бағдарлама бойынша шығындар	Өлшем бірлігі	Есепті жыл	Ағымдағы жыл жоспары	Жоспарлы кезең		
		2020 ж	2021 ж	2022 ж	2023 ж	2024 ж
003 «Мемлекеттік органның күрделі шығыстары»	мың теңге	1 624	1 674	6 457	1 721	1 721
015-Жергілікті бюджет қаражаты есебінен	мың теңге	1 624	1 674	6 457	1 721	1 721
<b>Бюджеттік бағдарлама бойынша шығындардың барлығы</b>	<b>мың теңге</b>	<b>1 624</b>	<b>1 674</b>	<b>6 457</b>	<b>1 721</b>	<b>1 721</b>

Тікелей нәтиже көрсеткіштері	Өлшем бірлігі	Есепті жыл	Ағымдағы жыл жоспары	Жоспарлы кезең		
		2020 ж	2021 ж	2022 ж	2021 ж	2022 ж
Сатып алынатын компьютерлік, ұйымдастырушылық техниканың және лицензиялық бағдарламаның саны	дана	6	6	21	5	5
<b>Түпкілікті нәтиже көрсеткіштері</b>						
Нұр-Сұлтан қаласы бойынша Тексеру комиссиясын материалдық-техникалық базамен және бағдарламалық өніммен қамтамасыз ету	%	100%	100%	100%	100%	100%